

ISSN 1999-4214

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 1/2022

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2022

Nur-Sultan, 2022

Nur-Sultan, 2022

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Редакция алқасы

- Аймұхамбет Ж.Ә.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Ақтаева К.** ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
- Әбсадық А.А.** ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Бредихин С.Н.** ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** ф.ғ.к., доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
- Ермекова Т.Н.** ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- Есиркепова К.Қ.** ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Жүсіпов Н.Қ.** ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
- Курбанова М.М.** ф.ғ.д., проф., Алишер Наваи атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
- Қамзабек Д.** ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Құрысжан Л.Ә.** ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
- Онер М.** ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Туркия
- Пименова М.В.** ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы
Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды.
Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 25.03.2022ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 88
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-
Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

- Аймухамбет Ж.А.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Актаева К.** д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
- Абсадық А.А.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Бредихин С.Н.** д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
- Ермекова Т.Н.** д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
- Есиркепова К.К.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Жусипов Н.К.** д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
- Курбанова М.М.** д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
- Камзабек Д.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Курсыжан Л.А.** д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
- Онер М.** д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
- Пименова М.В.** д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на
переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 25.03.2022ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Титолр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 88
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities
Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,
Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Aktayeva K. D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan,
Poland
- Absadyk A.A.** D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after
A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University,
Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey,
Kazakhstan
- Yermekova T.N.** D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University.
Almaty, Kazakhstan
- Yesirkepova K.K.** D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after
A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M. D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language
and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabek D.** D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Kartayeva A.M. D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S.
Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan
- Kuryszhn L.A.** D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seoul,
South Korea
- Oner M.** D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V. D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S. D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No.

KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 25.03.2022 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 88

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

AMANGAZYKYZY M., SAYFULINA F.S.	MODELS OF WORLD CAPITALS IN THE PROSE OF THE XXIst CENTURY	6
БАЙТЕЛИЕВА Ж.Д.	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК КОНТАКТІЛЕР: КӨПТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН ЖАСТАР ТІЛІ.....	12
ДОСМАЙЛОВА А.Н.	ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕФИНИЦИЯНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-КОГНИТИВТІК СИПАТЫ.....	21
ОСПАНОВА Ж.Т.	ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В НЕМЕЦКОМ ЯЗЫКЕ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19.....	31

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

ABDUOVA B.S., ASANOVA U.O., ASHENOVA A.T.	BLUE WOLF AS TOTEM AND IDEAL-ARTISTIC SPIRIT IN THE SPIRITUAL WORLD OF THE KAZAKH PEOPLE.....	39
АДАЕВА Е.С., СУЛТАНОВА А.	КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК ӨРІС (Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романы негізінде).....	49
ЖУМСАКБАЕВ А.Т., НУРГАЛИ К.Р.	ЗАРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОГО ТЕАТРА И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ДРАМАТУРГИИ.....	61
БАЙТАНАСОВА Қ.М., ТӘЛЕН Ә.М.	ҚҰС КИЕСІ: ҮКІНІҢ ӘЛЕМ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРНЫ....	73
ОМАРОВА С.М.	ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН.....	84

Ж.Д. БАЙТЕЛИЕВА 

Назарбаев Университеті, Нұр-сұлтан, Қазақстан

(e-mail: zhbaiteliyeva@nu.edu.kz)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК КОНТАКТІЛЕР: КӨПТІЛДІ МЕНДЕРГЕН ЖАСТАР ТІЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы тілдік контактілердің жағдайы сөз болады. Нақтылап айтсақ, еліміздегі мамандыққа қатысты негізгі пәндер ағылшын тілінде жүретін жоғары оқу орындарындағы тілдік контактілер жайы қарастырылады. Қазір мұндай оқу орындарының саны көбеюде. Бұл оқу орындарындағы тілдік контактілердің пайда болуы, болашақтағы бір-біріне әсері қандай деңгейде болатындығы туралы болжам жасау үшін, алдымен, нақты жағдаяттардағы студенттердің сөйлесімдеріне зерттеу, талдау жасалды. Зерттеу сұрақтары: студенттер түрлі жағдайда қай тілдерді пайдаланғанды қалайды және әртүрлі жағдайлар олардың тіл таңдау процесіне қалай әсер етеді? Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанда қазіргі уақытта жиі қолданылатын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызметін анықтау. Қазақ мектебін бітірген қазақ ұлтының өкілдері бұл тілдерді қалай (қаншалықты жиі) және қай жерде қолдана алатынын анықтау. Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, жастардың түрлі жағдайда әртүрлі тілді пайдалану себептерін талдайтын боламыз.

Мақала авторы осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне және сауалнамаға қатысқан респонденттерге алғыс білдіреді. Жоба демеушісі туралы сілтеме: 021220FD4351

Түйін сөздер: тілдік контактілер, көптілділік, жастар тілі, әлеуметтік лингвистика, ауызша сөйлеу.

Кіріспе. Тілдік контактілер әртүрлі тілде сөйлеушілердің үнемі байланыс жасауы нәтижесінде пайда болады, ондай жағдайда сөйлеушілер бір мезгілде екі тілді бірдей пайдалануы немесе әрқайсысын жеке қолдануы мүмкін.

Тілдік контактілердің әсеріне ұшыраған тілдер әртүрлі өзгеріске түседі. Тілдік контактілердің кең таралғаны контактіге түскен тілдердің біреуінің (не екеуінің) фонемалар жүйесінің өзгеруіне байланысты. Қостілділік жағдайында кейде байланысқа түскен тілдердің біреуі басымдылық жасайды, сөйлеушілер соның ыңғайымен өздері қолданатын екінші тілдің сипатын өзгертеді. Тілдік контактілер үдерісінде неғұрлым мәртебелі тіл негізгі екінші тілдің өзгеруіне әсер етеді. Тілдік контактілер бір тілдің диалектілері мен солардың біреуіне негізделген әдеби тіл арасында да болуы мүмкін [1].

Ғылым мен техникалық прогресс өте қарқынды дамып жатқан қазіргі сәтте тәуелсіз Қазақстан үшін сапалы білім, білімді ұрпақ өсіру заман талабы болып отыр. Осыған орай, бүгінде білім беру саласында бірнеше мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар жасалды. Сонымен қатар Қазақстанда негізгі мамандық пәндері қазақ, орыс тілінен басқа ағылшын тілінде оқытылатын жоғарғы оқу орындары да өз жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Біздің зерттегіміз келіп отырған проблема қазіргі Қазақстандағы тілдік контактілердің жағдайы. Оның ішінде нақтылап айтсақ, Қазақстандағы негізгі мамандыққа қатысты пәндер ағылшын тілінде жүретін жоғары оқу орындарындағы тілдік контактілер, жастар тілі. Қазір мұндай жоғары оқу орындарының саны көбейіп жатыр. Осындай кеңістіктерде тілдік контактілердің пайда болуы, болашақтағы бір-біріне әсері қандай деңгейде болатындығы біздің қызығушылығымызды тудырды. Сонымен қатар зерттеуге неге жастар тілі алынғандығы туралы да осы тұста жауап беріп өткіміз келеді. Себебі жастар – ел болашағы. «Болашақта Қазақстанда қай тілдің қызметі қандай болады? Қай тілдің беделі қай деңгейде

болады?» деген секілді сұрақтардың жауаптары бүгінгі күні білім алып жатқан жастарға тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі жастардың тіліне талдау жасай отырып, қоғамдағы қазақ тілі үшін туындаған алаңдаушылыққа нақты зерттеулер негізінде жауап іздеп көруді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Ғасырлар тоғысындағы лингвистика ғылымы қазіргі қоғамның серпінді дамуының, интеграция мен жаһандану құбылыстарының пайда болуымен, сондай-ақ әлемдік қауымдастықта этносаралық байланыстардың кеңеюі нәтижесінде туындаған тілдік контактілер мәселесіне ерекше қызығушылық танытып отыр. Тілдік контакті мәселелері қазақ тіл білімінде де ерекше назар аударатын мәселеге айналып отыр, себебі еліміз тілдік контактілердің түрлі көріністерін байқауға болатын кеңістікке айналды деуге болады.

Тілдік контактілердің әлеуметтік аспектісі этникалық және тілдік топтардың әртүрлі экономикалық, саяси және басқа да түрлеріндегі тілдердің өзара жиі араласуымен анықталады. Тілдік контактілер көптілді топ өкілдерінің тұрақты өзара қарым-қатынас жасауының нәтижесінде пайда болады. Тілдік контакті нәтижелері олардың элементтерінің ғаламдық интегралдық құрылымға ену дәрежесіне байланысты әртүрлі тілдік деңгейлерде алуан түрде көрсетіледі. Байланысқа түскен тілдердің қалай және қай бағытта өзгеретінін түсіну үшін бұл үдерісті әртүрлі деңгейде қарастыру қажет.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негіздемесі мен маңыздылығы қазіргі Қазақстандағы тіл саясаты болып табылады. Бұл тіл саясаты үш тілді (қазақ, ағылшын және орыс) оқытуды қолдайды.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [2]. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтауға мүмкіндік беретін тиімді тіл саясатын жүргізу және ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.

Бұл бағытта түрлі бағдарламалар әзірленді. Үш тілде білім беру жүйесі еліміздегі білім беру жүйесіне толық енгізілмесе де, қазіргі уақытта кейбір оқу орындарында осы бағытта білім беру ісі жүзеге асып жатыр. Мұндай білім орындары тілдердің қазіргі қолданысын зерттеуге, олардың функцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін бізге бұл тілдердің (қазақ, ағылшын, орыс) әртүрлі жағдайларда қолданылуы туралы деректер қажет. Мұндай деректерді біз бір студенттің университетте өткізген бір күні және демалыс күнгі сөйлеген сөздерін таспаға жазу арқылы жинадық.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанда кеңінен қолданылатын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызметін анықтау. Нақтырақ айтқанда, қазақ мектебін бітірген, ұлты қазақ жастардың бұл тілдерді қалай (қаншалықты жиі) және қай жерде қолдана алатынын анықтау.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тілдік контактілер қоғамдық даму үдерістерімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта саясат пен экономикадағы жаһандану да, интеграциялық үдерістер де, халықаралық коммуникацияның қарқынды дамуына байланысты тілдік контактілер де жаһандық және жан-жақты сипат алууда. Қазіргі жалпы тіл білімінде бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінуде, нәтижесінде зерттеушілер тарихи және әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, белгілі бір геосаяси мәнмәтінде тілдік өзара әрекеттесу үдерістері мен нәтижелерін зерттеу аясы болып табылатын жеке лингвистикалық парадигманы анықтады. Бұл әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардың қарым-қатынасы. Бұл парадигма ғылымда «тілдік контакті теориясы», «контактология», «лингвистикалық контактология» сияқты атауларды алды [3].

Тілдік контактілердің пайда болуы мен тілдердің өзара бір-біріне ықпал етуі ерте заманнан орын алғаны белгілі, алайда лингвистика ғылымында бұл бағыт ХХ ғасырдың аяғында ғана қалыптасты. «Тілдік контакті» терминін алғаш рет А. Мартине [4] ұсынған және У.Вайнрайхтың «Тілдік контактілер» деген әйгілі еңбегі жарияланғаннан кейін кең

тараған [5]. Дегенмен лингвист ғалым Л.В. Щерба 1926 жылы жариялаған мақаласында «тілдік контакті» терминін қолданғанын айтып өту керек [6]. Оның бұл жұмысына У. Вайнрайх (W. Weinreich “Languages in Contact”, 1953) өз зерттеуінде сілтеме жасайды.

Қазіргі уақытта жалпы тіл білімінде тілдік контактілер көптілділік мәселелерінің бірі ретінде Клэр Крамш [7], Энн Уайтсайд [8], Махире Якуп [9] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Қазақ тіл білімінде тілдік контактілердің теориялық мәселелерін Е. Сүлейменова [10], З. Ахметжанова [11, 12], М.М. Копыленко [13], А.Е. Карлинский [14], Д. Ақынова [15] және т.б. ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Қазақ тіл біліміндегі мұндай зерттеулердің дені қазіргі тілдік жағдайға байланысты қазақша-орысша және орысша-қазақша код ауысымы немесе қазақша-ағылшынша код ауысымы мәселелерін анықтау мақсатында жүргізілген. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік контактілердің басқа құбылыстары аясында (интерференция, сөз алмасу, екінші тілді меңгеру мәселелері және т.б.), немесе код ауысым құбылысының белгілі бір аспектілері аясында қарастырылып келеді. Мұндай функционалдық жағынан қуатты тілдердің өзара әрекеттесуімен анықталатын тілдік құбылысты зерттеу бағытында әлі де анықтайтын, зерттейтін сұрақтардың жеткілікті екенін осы арада атап өту керек.

Қазақстан Республикасындағы жаңа геосаяси жағдайлар еліміздің тілдік кеңістігінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде ағылшын тіліне деген қажеттілікті, оның біздің қоғамдағы маңыздылығының өсуіне әкелді, соның нәтижесінде «қазақша-ағылшынша код ауысымы» феномені қазіргі уақытта объективті және болдырмау мүмкін емес құбылысқа айналып келеді. Бұл құбылыс, яғни, үш тілдің кеңінен қолданылуы жастардың сөзінде айқын көрінеді. Өйткені еліміздегі тұрғындардың тап осы бөлігі тілдік кеңістікті өзгерту және түрлендіру үдерісіне белсенді қатысып жатыр [2] (Д. Ақынова (2014)).

Талқылау мен бақылау. 3.1. Қатысушылар. Бұл зерттеуді жүргізу үдерісінің алғашқы қадамы, ең алдымен, Назарбаев Университеті этика комитетінен рұқсат алу болатын. Бұл қадамды сәтті орындап шықтық, сондықтан зерттеу жұмысы барысында бүкіл этикалық талаптар сақталына отырып жүргізілді.

Бұл зерттеуді жүргізу үшін қазақ мектебін бітірген бір студент қажет екені алдын ала анықталды. Осыған орай, зерттеу жұмысына қазақ мектебін бітірген, ұлты қазақ Назарбаев Университетінің бір студенті ерікті түрде қатысты.

Студент өзінің университет кампусындағы басқа адамдармен бір жұмыс күні бойындағы сөйлесуі мен демалыс күндері отбасымен бірге өткізген әңгімелесулерінің аудиожазбасын жасады. Аудиожазбаға талдау жасау кезінде студенттің түрлі жағдаяттағы әңгімелесулері мен осы жағдаяттардағы оның тілдерді таңдауына назар аударылды. Әрбір жағдаяттың алдында сөйлесетін тұлғаларға бұл әңгімелесулерінің аудиожазбаға жазылатындығы және мұның тек зерттеу мақсатында пайдаланылатындығы туралы хабарлап отырған. Екі күндік аудиожазбаның біріншісі Назарбаев Университетінде өткізген жұмыс күніндегі бір күндік әңгімелесулері болса, екіншісі демалыс күнгі отбасымен болған әңгімелесулері. Аудиожазбаға талдау жасалған соң осы студенттен сұхбат алынды және аудиожазбада сөздері жазылған оның достарынан сауалнама алынды. Достары да Назарбаев Университетінің студенттері екенін атап өту керек.

3.2. Құралдар

Біріншіден, студенттің екі күн бойындағы әртүрлі жағдаяттардағы әңгімелесулері диктофонға жазылды. Яғни, екі күндік әңгімелесулердің аудиожазбасы жасалынды. Содан кейін осы студентпен сұхбат болды. Сұхбатта студенттен түрлі жағдаяттарда түрлі тілдерді қолдану себептері сұралды.

Екіншіден, зерттеуші 10 сұрақтан тұратын сауалнама құрастырды. Бір топ Назарбаев Университетінің студенттері осы сұрақтарға жауап берді. Сұрақтар төмендегідей:

1. Сіз қанша тіл білесіз?
2. Осы тілдердің ішінде қайсысын жақсы білесіз?
3. Қанша жастан бастап осы тілдерді үйрене бастадыңыз?
4. Қанша жастан бастап осы тілді пайдаланғанда өзіңізді жайлы сезіне бастадыңыз?
5. Сіз қай жерде қай тілдерді қолданасыз, түгел көрсете беріңіз. Мысалы, отбасында қазақ, орыс тілдері болса, екеуіне де (+) белгісін қойыңыз.
6. Сіз осы тілдерді қайда үйрендіңіз?
7. Сіз қай тілді қай деңгейде білесіз? (A1, A2, B1, B2, C1, C2 шкалаларымен белгілеңіз).
8. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қай тілдің беделі (престиж) жоғары (№1, №2, №3, №4, №5 деп нөмірлеңіз). Осы нөмірлер тілдің беделін көрсетуі керек.
9. Сіз қай тілде сөйлегенде өзіңізді жайлы (комфортно) сезінесіз?
10. Сіз қай тілді болашақта пайдаланбаймын деп ойлайсыз?

3.3. Мәліметтерді жинау процедуралары

Ең алдымен, зерттеу мақсатына сәйкес қазақ мектебін бітірген, ұлты қазақ және мінезі ашық, тез коммуникацияға түсе алатын студент табуды міндеттімізге алдық. Осы талаптарға сай студент табу зерттеу жұмысының нәтижесіне, өнімді жүруіне әсер етеді деген шешімге келдік. Яғни, студенттің неғұрлым көбірек сөйлегені талдауға жақсы материал болатыны анық. Аталған критерийлерге сай Назарбаев Университеті студенттерінің арасынан бір студент табылды және ол өз еркімен қатысуға келісім берді. Сосын студенттің университеттегі бір күні және демалыс күндері отбасында өткізген бір күндегі әңгімелесулері диктофонға жазылды. Жалпы сценарий төмендегідей болған:

1-күн (жұмыс күні)

Таңертеңнен бастап студент өзімен бірге диктофон алып жүрді. Ол кезіккен әрбір адаммен әңгімелескенін аудиоға жазып алды. Аудиоға жазар алдында сөйлесетін тұлғаларға диктофонға жазылатынын ескертіп отырған. Студент достарымен, дүкендердегі сатушылармен және т.б. әңгімелесулерінің аудиожазбасын жасаған.

2-күн (демалыс күні)

Демалыс күні студент отбасымен болған әңгімелесулерін аудиоға жазуды жалғастырған. Жоғарыда айтылғандай, ол әңгіменің жазылатынын туыстарына да алдын ала ескерткен.

Студент екі күндік әңгімелесулерін аудиоға жазған соң, барлық жазбаларды зерттеушіге әкеліп берді.

Аудиоға талдау жасалғаннан кейін зерттеуші студенттен сұхбат алды. Сұхбат барысында одан нақты бір жағдайда неге осы тілді пайдаланғаны сұралды. Сондай-ақ аудиожазбада әңгімелері жазылған оның достарынан сауалнама алынды.

Нәтижелер. Назарбаев Университетінде доминант тіл – ағылшын тілі. Қазақ тілі курстары ана тілі және екінші тіл ретінде оқытылады. Орыс тілінде курстар мүлдем оқытылмайды десек болады. Кей профессорлар өз курстарына қатысты материалдарды орыс тілінде беруі мүмкін. Яғни, мұны оқылымдардың түпнұсқасын таныстырумен байланыстырсақ болады. Нәтижеде бұл университет студенттері ағылшын және қазақ тілін академиялық мақсатта қолданатынын көре аламыз.

Аудио жазбаға талдау жасау барысында студенттің үш түрлі жағдаятта түрлі тілді қолданғаны анықталды. Сонымен қатар университетте өткізген күнінде оқытушылардың барлығымен ағылшын тілінде тілдескенін де айту керек.

Зерттеуші аудиожазбаға талдау жасап болғаннан кейін, осы студентпен сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында студенттен неліктен белгілі бір жағдайларда нақты тілді қолданғаны сұралды.

Студенттің әртүрлі жағдаяттарда тілдерді қолдануы:

1) Достарымен ол орыс тілінде сөйлескен және арасында ағылшынша сленг сөздерді қолданған.

2) Отбасымен қазақ және орыс тілдерінде сөйлескен.

3) Таксиспен қазақша сөйлесіпті.

Студентпен өткізген сұхбаттан мыналар анықталды:

а) Бұл студенттің достарының көбі орыс мектебін бітірген, сондықтан олармен орыс тілінде сөйлесу оңай және ыңғайлы. Ал ағылшын тіліндегі сленгті қосу себебін достарының барлығы ағылшын тілінде еркін сөйлейтіндігімен түсіндірді. Осылайша олар бір-бірін жақсы түсіне алатыны айтылды. Бұл студенттің Назарбаев Университетінен басқа университет студенттерімен ағылшын сленгтерін қосып сөйлеспейтінін де сұрақ қою арқылы білдік.


ә) Отбасында анасымен қазақша, әпкесімен орысша сөйлескен. Анасы бұл студенттен отбасында ана тілінде, қазақ тілінде, сөйлеуін үнемі талап ететінін студент атап өтті. Және әпкесі орыс мектебін бітіргендіктен онымен орысша, қазақша араластырып сөйлесе беретінін жеткізді.

б) Үшінші жағдайда таксиспен неге қазақ тілінде сөйлескенін, біріншіден, оның қазақ екенін көріп білгендіктен, екіншіден, таксистердің көбі ауылдан келеді деп ойлағандықтан деп түсіндірді.

Келесі талдауымыз сауалнама сұрақтарына арналады. «Сіздің ойыңызша, болашақта Қазақстанда қай тіл беделді болады?» және «Болашақта қандай тілді қолдануды жоспарламайсыз?» деген екі сұрақтың жауабын ғана талдауды жөн көрдік. Қалған сұрақтардың мазмұны олардың сөйлейтін тілдерінің санын, бұл тілдерде қандай деңгейде сөйлейтінін, бұл тілдерді қай жерде оқығанын және т.б. анықтау үшін берілген болатын.

«Сіздің ойыңызша, болашақта Қазақстанда қай тіл беделді болады?» деген сұраққа студенттердің басым бөлігі ағылшын тілін, яғни 44%-ы, ал қазақ тілін 37%-ы, орыс тілін 19%-ы көрсетті. Осы шағын сауалнама нәтижесінде студенттердің басым бөлігі болашақта Қазақстанда беделі жағынан қазақ тілі ағылшын тілінен кейін екінші орында екенін көрсетті.


1-кесте



«Болашақта қай тілді пайдаланбаймын деп ойлайсыз?» деген сұраққа студенттердің 25 %-ы қазақ тілін, 12,5 %-ы орыс тілін көрсетті.

2-кесте

Болашақта қай тілді пайдаланбаймын деп ойлайсыз?



Студенттердің 100%-ы ағылшын тілін болашақта қолданамыз деп жоспарлайтыны анықталды. Әрине, респонденттердің барлығы ағылшын тілін жақсы меңгерген жастар екенін ескерсек, олардың өз болашағын ағылшын тілімен байланыстыратынын түсінуге болады. Дегенмен қазақ тілінің болашақта пайдаланбайтын тілдің қатарында болуы бізді ойландырады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, көп тіл білуді еліміз үшін стратегиялық маңызы бар құбылыс ретінде бағалаймыз. Қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу маңызды. Сондай-ақ тіл саясатында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің алатын орны ерекше көрсетілгенін де атап өткіміз келеді.

Зерттеу жұмыстың мақсатына сай қол жеткізген нәтижелерді саралап қарасақ, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қазіргі қоғамымызда өзіндік атқарып жатқан қызметтері байқалды. Атап айтқанда, жастар арасында ағылшын тілінің әзірге тек академиялық мақсатта қолданылып жатқаны, дегенмен ағылшынша білетіндер арасында бейресми жағдаяттарда да ағылшын сөздерін қосып сөйлеу үрдісінің басталғаны анықталды. Жастардың қазақ тілінде университетте академиялық мақсатта қолданып жүргені және сонымен бірге бейресми жағдайларда да қазақша сөйлесетіндіктері қазақ тілінің қолданыс аясының кең екенін көрсетті. Ал орыс тілінің отбасы мүшелері мен достар арасында қарым-қатынаста әлі де қазақ тіліне қарағанда белсенді қолданыста екенін бақылай алдық.

Жоғарыдағы ойларды тұжырымдай келе, үштілділік саясатын жүргізу барысында мына жайттарға көбірек көңіл бөлу керек деп санаймыз:

Біріншіден, жұмыс орындарында қазақ тілінің беделін өсіруге, көп қолданылуына жағдайлар жасау, қажеттілік туғызу. Себебі қазіргі таңда кез келген мәселеге прагматикалық тұстан жақсы анализ жасай алатын ұрпақ өсіп келеді. Олардың тек патриоттық сезімін ояту жолымен қазақ тілінің қолданысын кеңейту, қазақ тілінде сөйлету қиындық тудырады.

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары әрбір тілдің мәртебесі, оның еліміздің қай салаларында қолданылып жатқаны туралы, ондағы атқаратын қызметі т.б. туралы нақтырақ ақпараттарды жаңартып беріп отырса деген ұсыныс бар. Мұндай ақпараттарды түрлі форматта жариялауға болады. Телебағдарламаларда талдау, баспасөз беттерінде қоғамдағы тілдердің қолданылу динамикасын көрсетіп отыру қажет деп ойлаймыз. Әйтпесе, үш тілдің, әсіресе қазақ тілінің қызметі мен беделін ауыстыру қаупі бар. Әсіресе, аналитикалық бағдарламалардың назарында үнемі болатын тақырыптың бірі осы болуы керек деп санаймыз. Қай тілдің оқырмандары көбейіп жатыр, қай тілдің тыңдарманы көбейіп жатыр, қай тілдің сөйлеушілері басым болып келеді деген сауалға ізденістер жасалынып отырса, тілдік саясатта көрсетілген тілдердің өз мәртебесіне сай дамып отырғанын байқайтын боламыз деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
2. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
3. Верещагин Е.М., Костомаров В. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. Москва: Русский язык, 1990. – 481 с.
4. Мартине А. Распространение языка и структурная лингвистика // Новое в лингвистике: Языковые контакты. Вып. VI. – М.: Прогресс, 1972. – С. 81-93.
5. Weinreich U. Languages in Contact. New York, 1953. (1st Ed.).
6. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Ленинград, 1974. – 245 с.
7. Claire Kramsch. The Multilingual Subject. Oxford University Press, 2009. – 248 p.
8. Claire Kramsch, Anne Whiteside. Three Fundamental Concepts in Second Language Acquisition and Their Relevance in Multilingual Contexts // the Modern Language Journal, Vol.91, Focus Issue: Second Language Acquisition Reconceptualized? The Impact of Firth and Wagner, 2007. – 922 p.
9. Mahire Yakup. Code-Switching among Uyghur-Chinese bilinguals: a linguistic analysis // International Scientific Theoretical Conference «Life in Sciences: Native Language and the Turkic World Словарь». – Алматы: Shool, 2014. – 258 б.
10. Сулейменова Э. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. - Алматы: Демей, 1996. – 214 с.
11. Ахметжанова З. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
12. Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы: Елтаным. – 2012.
13. Копыленко М.М. Избранные труды по языкознанию. Алматы: Институт языкознания, 2010. – 444 с.
14. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 157 с.
15. Ақынова Д. Б. Қазақ-ағылшын тілдік контактілері: қазақ-билингвтердің сөйлеуіндегі код ауысымы. (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Астана, 2014. – 124 б.

Ж.Д. БАЙТЕЛИЕВА

Назарбаев Университет, Нур-Султан, Қазақстан

ЯЗЫКОВЫЕ КОНТАКТЫ В КАЗАХСТАНЕ: ЯЗЫК МНОГОЯЗЫЧНОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация. В данной статье исследуется состояние языковых контактов в Казахстане. В частности, вопрос языковых контактов в высших учебных заведениях, где основные дисциплины преподаются на английском языке. Сейчас количество таких учебных заведений растет. Для того, чтобы спрогнозировать возникновение языковых контактов в этих учреждениях, обсудит степень их влияния друг на друга было проведено исследование и анализ разговоров студентов в конкретных ситуациях. Вопросы исследования: какие языки учащиеся хотят использовать в разных ситуациях и как разные ситуации влияют на их выбор языка? Как и в каком направлении меняется использование языков во время разговора? Основная цель исследования – определить функции казахского, русского и английского языков, которые в настоящее время широко используются в Казахстане. Более того, цель исследования – выяснить, как (как часто) и где казахи, окончившие казахские школы, могут

использовать эти языки. Отвечая на эти вопросы, в данной статье анализируются причины, по которым молодые люди используют разные языки в разных ситуациях.

Ключевые слова: языковые контакты, многоязычие, язык молодежи, социолингвистика, устное общение.

ZH. BAITELIYEVA

Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan

LANGUAGE CONTACTS IN KAZAKHSTAN: THE LANGUAGE OF MULTILINGUAL YOUTH

Abstract. This article examines the condition of language contacts in Kazakhstan. In particular, the issue of language contacts in higher educational institutions, where the main disciplines related to the majors in the country are taught in English. Now the number of such educational institutions is growing. In order to predict the occurrence of language contacts in these institutions, the degree of their influence on each other in the future, first of all, a study and analysis of students' conversations in real situations were carried out.

Research questions are: What languages do students want to use in different situations, and how do different situations affect their language choices? How and in what direction does the use of languages change during a conversation? The main goal of the study is to determine the functions of the Kazakh, Russian and English languages, which are currently widely used in Kazakhstan. Moreover, the study aims to find out how (how often) and where Kazakhs who graduated from Kazakh schools can use these languages. By responding to these questions, the author analyzes the reasons why young people use different languages in different situations.

Keywords: language contacts, multilingualism, youth language, sociolinguistics, oral communication.

References

1. Qaliev Ğ. Tıl bılımı terminderiniñ tüsındirme sözdıǵı. – Almaty: «Sözdık-Slovär», 2005. – 439 b.
2. Qazaqstan Respublkasynda tılderdi damytu men qoldanudyñ 2011-2020 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
3. Vereşagin E.M., Kostomarov V. İazyk i kùltura: Lingvostranovedenie v prepodavanii ruskogo iazyka kak inostrannogo. 4-e izd., pererab. i dop. Moskva: Ruski iazyk, 1990. – 481 s.
4. Martine A. Rasprostranenie iazyka i struktornaia lingvistika // Novoe v lingvistike: İazykovye kontakty. Vyp. VI. – M.: Progres, 1972. – S. 81-93.
5. Weinreich U. Languages in Contact. New York, 1953. (1st Ed.).
6. Şerba L.V. İazykovaia sistema i rechevaia deiatelnöst. Leningrad, 1974. – 245 s.
7. Claire Kramsch. The Multilingual Subject. Oxford University Press, 2009. – 248 p.
8. Claire Kramsch, Anne Whiteside. Three Fundamental Concepts in Second Language Acquisition and Their Relevance in Multilingual Contexts // the Modern Language Journal, Vol. 91, Focus Issue: Second Language Acquisition Reconceptualized? The Impact of Firth and Wagner, 2007. – 922 p.
9. Mahire Yakup. Code-Switching among Uyghur-Chinese bilinguals: a linguistic analysis // International Scientific Theoretical Conference «Life in Sciences: Native Language and the Turkic World Slovä». – Almaty: Shool, 2014. – 258 b.
10. Suleimenova E. Kazahski i ruski iazyki: osnovy kontrastivnoi lingvistiki. – Almaty: Demeu, 1996. – 214 s.
11. Ahmetjanova Z. Funkcionalno-semanticheskie polä ruskogo i kazahskogo iazykov. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 108 c.

12. Ahmetjanova Z. Īazyk v sosiálnom, kŭlturnom i komunikativnom kontekste. – Almaty: Eltanym. – 2012.
13. Kopylenko M.M. Īzbrannye trudy po iazykoznanii. Almaty: Īnstitut iazykoznanii, 2010. – 444 s.
14. Karlinski A.E. Osnovy teorii vzaimodeistvia iazykov. Alma-Ata: Īlym, 1990. – 157 s.
15. Akynova D. B. Qazaq-aġylşyn tıldık kontaktılerı: qazaq-bilingvterdñ söileundeġı kod auysymy. (PhD) ġylymi дәrejesin alu üşin daiyndalġan disertasiy. – Astana, 2014. – 124 b.

Автор жайлы мәлімет:

Байтелиева Жанар Дәрібекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Байтелиева Жанар Дарибековна – кандидат филологических наук, ассистент профессор Назарбаев Университета, Нур-Султан, Казахстан.

Baiteliyeva Zhanar Daribeovna – candidate of philological sciences, assistant professor of the of Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.
2022. – 1. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 95 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.